<p><b>Студент біледі:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- алфавит әріптерін және әріп тіркестерін;</li> <li>- әріптер мен әріп тіркестерінің оқылу ерекшеліктерін;</li> <li>- зат есім мен сын есімнің септелуін;</li> <li>- сын есімдердің зат есіммен қиысуын;</li> <li>- етістіктердің жіктелуін және етістігі бар рецептік сөз тіркестерін;</li> <li>- рецепт құрылымын және оның латын тіліндегі бөлігінің жазылуын, рецептік қысқартуларды;</li> <li>- фармацевтикалық терминологияда қолданылатын предлогтарды, сан есімдерді, үстеулерді, есімдіктерді;</li> <li>- медицина мен фармацияда жиі қолданатын латын сөз тіркестері мен афоризмдерін;</li> <li>- термин құрамындағы грек-латын элементтерін;</li> <li>- дәрілік заттардың тривиалдық атауларының сөзжасам тәсілдерін және олардағы жиілік сөз бөліктерін.</li> </ul>	<p><b>Студент істей алады:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- латын тілінде оқуды және жазуды;</li> <li>- терминдер мен термин тіркестірін қазақ тілінен латын тіліне және кері аударуды;</li> <li>- рецепттің латын тіліндегі бөлігін дұрыс жазуын;</li> <li>- термин құрылымындағы терминэлементтерді, дәрілер атауларындағы жиілік бөліктерді анықтауды және мағынасын түсіндіруді;</li> <li>- дәрілік заттардың халықаралық патенттелінбеген атауларын дұрыс жазуды;</li> <li>- деонтологиялық ұстанымдарды, кәсіби этика бойынша латын сөз тіркестерін жағдаятқа байланысты қолдануды.</li> </ul>	<p><b>Студент</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1.зерттелетін тақырыбы бойынша оқу және ғылыми әдебиеттерде ақпаратты табады;</li> <li>2. зерттеулер нәтижелерін бағалайды және қолданады, олардың себебі мен қорытындысын түсіндіреді;</li> <li>3. талдайды және өз тұжырымын жасайды, оларды көпшілік алдында, ақпараттық желілерде көрсетеді;</li> <li>4. оқылатын материал бойынша нормативтік құжаттарда ізденіс жүргізе алады;</li> <li>5. өз жұмысында компьютерлік технологияларды қолдана алады;</li> <li>6. этикалық және құқықтық нормаларды сақтайды;</li> <li>7. сындарлы ой қабілетіне ие, креативті;</li> <li>8. командада жұмыс істей алады;</li> <li>9. латын терминдерінің басқа тілдердегі баламаларын білуге ынталанады.</li> </ol>

**11.Реквизитке дейінгі:** жоқ

**12.Реквизиттен кейінгі:** Химия фармацевтикалық өндірістің процесстері мен аппараттары - 1

**13.Әдебиеттер:**

**Негізгі:** 1. А.Н. Қасымбекова. Латын тілі. Қарағанды, «Ақнұр» 2019

2. М.Н. Чернявский .Латинский язык и основы фармацевтической терминологии. М.: ГЭОТАР-Медиа, 2015.

3. Бухарина Т.Л., Новодранова В.Ф., Михина Т.В. Латинский язык: учеб. пособие- М.:ГЭОТАР – Медиа, 2015.-496 с.

**Қосымша:** 1.Қозыбаева А.Қ. Латын тілі: оқу-әдістемелік құрал. – Қарағанды: ЖК «Ақ Нұр», 2012

2. М.А.Ахметов. Медициналық терминдер сөздігі. Орысша- қазақша- ағылшынша. Алматы: Дайк- Пресс, 2009

3. М.Н. Чернявский. Латинский язык и основы медицинской терминологии. М.: Шико, 2007.

4. Латинский язык для лечебных факультетов: учеб. пособие/ М.Н. Нечай.-Ростов н/Д: Феникс, 2007.

1. **Кафедра: Инженерлік пәндер**
2. **Білім беру деңгейі: бакалавриат**
3. **Білім бағдарламасы атауы 6В07201 «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы»**
4. **Курс: 2**
5. **Элективті пәннің атауы: «Қолданбалы механика»**
6. **Кредит саны – 3**
7. **Мақсаты:** студенттердің қолданбалы механика негіздері бойынша теориялық негіздері мен практикалық дағдыларын қалыптастыру, инженерлік есептеу принциптері, машина бөлшектерін қосу, өз мамандығы бойынша болашақ кәсіби қызмет үшін қажетті көлемде механизмдер мен машиналардың сипаттамаларын меңгеру.
8. **Міндеттері:**
  - механизмдердің құрылымдық, кинематикалық, күштік және динамикалық талдауының негізгі әдістерін зерттеу: бұйымның типтік элементтерінің беріктігіне инженерлік есептеу принциптері;
  - машина бөлшектерін конструкциялау негіздері және беріктік есептеу негіздерін меңгеру;
  - механикалық құрылғыларды құрастыру және жобалау негіздерінің алғашқы дағдылары және бұйымдарды жобалау реттілігі және конструкторлық эзрілеудің негізгі кезеңдері туралы түсінік алу;
  - кәсіби құзыреттілік шеңберінде міндеттерді қалыптастыру және оларды шешу тәсілдерін анықтау;
9. **Пән мазмұны:** Машина, механизм, байланыс механизмі. Кинематикалық жұптар және оларды жіктеу. Кинематикалық тізбектің және механизмнің еркіндігі дәрежесі мен құрылымы. Қызыл түсті механизмдерді қалыптастыру қағидатын жіктеу. Машина бөлшектері, механизмдер мен механизмдердің негізгі қосылыстары; тегістеу, араластыру, планшет және басқа да машиналарды жасауда белгілі бір бағдарламаларды пайдалану бойынша ұсыныстар.
10. **Пәнді тандау негіздері:** 6В07201-Фармацевтикалық өндіріс технологиясы мамандығы бойынша "Фармацевтикалық өндірістің технологиялық жабдықтарына қызмет көрсету" және "Фармацевтикалық өндірісті жобалау" траекториялары бойынша оқитын бакалаврлар келесі кәсіби қызмет түрлерін орындауы тиіс:
  - машина бөлшектері мен механизмдерін құрастыру;
  - дайын дәрілік заттарды дайындау кезінде фармацевтикалық өндірісте қолданылатын механикалық құрылғыларды құрастыру;
  - экстракциялық препараттар өндірісінде қолданылатын механикалық құрылғыларды құрастыру;
  - медициналық /санитарлық/ мақсаттағы бұйымдар өндірісінде қолданылатын механикалық құрылғыларды құрастыру.
11. **Оқыту нәтижелері (құзыреттіліктер):**

ОН1	Алған білімдерін қолданбалы пәндерді игеруге және өндірістік жағдайларда инженерлік мәселелерді шешуге қолдана алатынын көрсету.
ОН2	Фармацевтік өнеркәсіп саласында қолданылатын машиналар мен жабдықтарға құрылымдық және кинематикалық талдау жасай отырып, машиналар және механизмдер бөлшектері мен тораптарының номенклатурасын біледі.
ОН3	Фармацевтік өндірісті жабдықтау үшін жаңа техникалар мен жабдықтарды жасау саласындағы машиналарды жобалау және құрастыру негіздерін меңгереді.
ОН4	Медицинаға арналған бұйымдардың дайындау технологиясын жасау үшін инженерлік есептеу принциптерін пайдалануға қабілетті.
ОН5	Әртүрлі формадағы ақпараттарды МЕМСТ және ҚР СТ сәйкес схемалық, шартты кескіндер мен белгілерді пайдаланып, өз жұмыстарын графикалық түрде жеткізуге және ЕСКД және ЕСДП құжаттарының ережелері бойынша рәсімдеуге қабілетті.



ОН6	Өндірістің қазіргі кездегі техникалық жағдайы мен технологиялық үрдістерді жетілдіру және дамыту үшін жасалып жатқан іс-шараларды бағалай біледі.
-----	---

**12. Пререквизиттер:** «Математика I», «Математика II», «Information and communication technologies», «Физика».

**13. Постреквизиттер:** «Фармацевтикалық өндірісті жобалау және жабдықтау негіздері», «Дәрілік түрлерді бөлшектеу және орамдауға арналған машиналар мен автоматтар».

**14. Әдебиеттер тізімі:**

1. Түсіпов А., Түсіпов Қ. Теориялық және қолданбалы механика. Оқулық. Алматы: 2014.-736б.
2. Таукебаева К.С. Технологиялық жабдықтар. Оқу құралы. – Тараз.: 2015. – 155 б.
3. Түсіпов А., Оспанов А.Б. Механизмдер және машиналар теориясы. Оқулық. – Алматы.:Альманах, 2017. – 192 б.
4. Байжанов Ә.Ж., Жалғасова К.Ә. Механикалық берілістер. Оқу құралы. –Алматы:2021-125б.
5. Әбдірашев С.Ж., Байжанов Ә.Ж., Мырзалиев Д.С. Механизмдердің құрылымдық анализі. Әдістемелік нұсқау. – Шымкент: ОҚМУ, 2014-56б.
6. Поляхов Н.Н.Теоретическая механика. Учебник. - М.: Юрайт, 2016. – 593 с.
7. Миролюбов И. Н. и др. Сопротивлению материалов: Пособие по решению задач. 7-е изд. – СПб.: Изд. «Лань», 2017. – 512 с.
8. Чернавский С. А., Боков К. Н., Чернин М. И. и др. Курсовое проектирование деталей машин. – М.: Машиностроение, 2015. – 416 с.
9. Пономарев А.Т., Зорин В.А. Сопротивление материалов. Курс лекций. Учебное пособие. - М.: 2012.-336с.

**1. Кафедра: Инженерлік пәндер**

**2. Білім беру деңгейі: бакалавриат**

**3. Білім бағдарламасы атауы 6B07201 «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы»**

**4. Курс: 2**

**5. Элективті пәннің атауы: «Теориялық механика және материалдар кедергісі»**

**6. Кредит саны – 6**

**7. Мақсаты:** студенттердің теориялық механика негіздері бойынша теориялық негіздері мен практикалық дағдыларын қалыптастыру, инженерлік есептеу принциптері, машина бөлшектерін қосу, өз мамандығы бойынша болашақ кәсіби қызмет үшін қажетті көлемде механизмдер мен машиналардың сипаттамалары туралы

**8. Міндеттері:**

- механизмдердің құрылымдық, кинематикалық, күштік және динамикалық талдау әдістерінің негіздерін оқу: бұйымның типтік элементтерінің беріктігіне инженерлік есептеу принциптері;
- машина бөлшектерін конструкциялау негіздері және беріктік есептеу негіздерін меңгеру;
- бұйымдарды жобалау реттілігі және конструкторлық әзірлеудің негізгі кезеңдері туралы түсінік алу, механикалық құрылғыларды жобалау және құрастыру негіздерінің алғашқы дағдылары;
- кәсіби құзыреттілік шеңберінде міндеттерді қалыптастыру және оларды шешу тәсілдерін анықтау

**9. Пән мазмұны:** Статика, кинематика және динамика негіздері. Конструкция элементтерін есептеудің жалпы принциптер, кернеулік күйлердің түрлері, беріктік гипотезалар, иіліп бұралуға есептеу. Қажу беріктігі, динамикалық әсерлер және төзімділік шегі туралы түсінік. Сығылған сырықтардың орнықтылығы. Элементтерді беріктікке есептеу және конструкциялық материалдарды таңдау үшін негізгі есептік параметрлер. Конструкция мен материалдарды таңдауға әсер ететін негізгі химиялық факторлар.

**10. Пәнді таңдау негіздері:** 6B07201-Фармацевтикалық өндіріс технологиясы БББ бойынша "Фармацевтикалық өндірістің технологиялық жабдықтарына қызмет көрсету"

және "Фармацевтикалық өндірісті жобалау" траекториялары бойынша оқитын бакалаврлар келесі кәсіби қызмет түрлерін орындауы тиіс:

- дайын дәрілік заттарды өндірудің технологиялық процесін ұйымдастыру;
- өндірістік жүктемені ескере отырып, дәрілік өнім өндірісінде технологиялық жабдықтар мен материалдарды дұрыс таңдау;
- фармацевтикалық өнім өндірісінің технологиялық процесін басқару;
- GMP стандарты мен НТҚ талаптарына сәйкес ДДТ дайындау;
- Өндірістік жабдықтарды техникалық бақылауды жүзеге асыру;

**11. Оқыту нәтижелері (құзыреттіліктер):**

1ОН	Теориялық механика заңдары мен ережелерін және материалдар кедергі болжамдары мен тұжырымдарын игеріп, қатты денелер мен деформацияланған денелер механикасы туралы білім деңгейін көрсетеді.
2ОН	Конструкция элементтерінің тепе-теңдігі мен кернеулік күйлерін және машина бөлшектері қозғалысының кинематикалық және динамикалық параметрлерін есептеу әдістерін біледі.
3ОН	Фармацевттік өнеркәсіпке арналған инженерлік ғимараттарға қойылатын техникалық талаптарға сәйкес және фармацевттік медицинада пайдаланылатын жабдықтар бөлшектерінің беріктікке, қатандыққа және орнықтылыққа есептеу схемаларын жасай біледі. .
4ОН	Мамандық және кәсіби мәселерді шешу мақсатында ақпараттық материалдарды, оның ішінде интернет ресурстардан да, іздеу, жинау және өңдеу үшін қолданбалы бағдарламалар жиынтықтарын пайдаланады.
5ОН	Ғылыми зерттеу жұмыстары қорытындысындағы сызба жұмыстарға, мемлекеттік және өндірістік зертханаларда сынақ нәтижесінде алынған диаграммалар мен графиктерге талдау жасай біледі.

**12. Пререквизиттер:** «Математика I», «Математика II», «Information and communication technologies», «Физика».

Сабақтас пәндер: Сызба геометрия, Химия-фармацевтикалық өндірістің процестері мен аппараттары-2

**13. Постреквизиттер:** "Дәрілік түрлерді бөлшектеу мен орамдауға арналған машиналар мен автоматтар", "Фармацевтикалық өндірісті жобалау және жабдықтау негіздері".

**14. Әдебиеттер тізімі:**

1. Арапов Б. Теориялық және инженерлік механика негіздері. Оқулық. Ақнұр – 2020. 266 б.
2. Байжанов, Ә. Ж. Механикалық берілістер [Мәтін] : оқу құралы / Ә. Ж. Байжанов, К. Ә. Жалғасова. - Алматы: ЭСПИ, 2021. - 124 б.
3. Дузельбаев С.Т. Материалдар кедергісі II. Есептер шығаруға арналған оқу құралы: Жоғары кәсіптік мамандар әзірлейтін техникалық оқу орындарының студенттеріне арналған. - Алматы: Бастау, 2014. -420б.
4. Дузельбаев С.Т. Материалдар кедергісі I. Оқулық жоғары кәсіптік мамандар әзірлейтін техникалық оқу орындарының студенттеріне арналған. - Алматы: Бастау, 2014. – 384 б.

**1. Кафедра:** Инженерлік пәндер

**2. Білім беру деңгейі:** бакалавриат

**3. Білім бағдарламасы атауы** 6В07201-«Фармацевтикалық өндіріс технологиясы»

**4. Курс:** 2

**5. Кредит саны –** 4

**6. Элективті пәннің атауы:** «Сызба геометриясы»

**7. Мақсаты:** студенттердің сызбаларды салу және оқудың жалпы әдістері туралы білімдерін дамыту, әртүрлі техникалық объектілердің жұмысын басқару процесінде туындайтын

эртүрлі инженерлі-геометриялық есептерді шешу

**8. Пән мазмұны:** Кескіндеу тәсілдері. Түзу сызықтық жазылатын және жазылмайтын беттер. Проекциялық сызу. Көріністер. МЕМСТ 2.305-68. Түзу сызықты беттер. Беттердің анықтаушылары. Сызықтар және олардың түрлері (жазық, кеңіс сызықтар). Көпқырлы беттердің жазықтықпен, түзумен және өзара қиылысуы. Қосымша көрініс. Жергілікті көрініс. Аксонометриялық беттер. Тілік. Жай тілік. Ойық.

**9. Міндеттері:** студенттер конструкторлық-техникалық құжаттаманы құрастыруға негіз болатын нормативтік құжаттарды және мемлекеттік стандарттарды меңгеру.

**10. Пәнді таңдау негіздері:** 6В07201-Фармацевтикалық өндіріс технологиясы мамандығы бойынша "Фармацевтикалық өндірістің технологиялық жабдықтарына қызмет көрсету" және "Фармацевтикалық өндірісті жобалау" траекториялары бойынша оқитын бакалаврлар келесі кәсіби қызмет түрлерін орындауы тиіс:

- Өз бетінше жазықтық пен кеңістікте, қима және тілік қосымша сызбалардың күрделі түрлерін форматқа еркін түрде орналастыру әдістерін;
- Сызбаларды орындау барысында мемлекеттік стандартқа сәйкес әр элементтердің өлшемдерін дұрыс таңдау;
- Қарапайым рамка мен штампты қоса алғандағы сызбалардың кез келген түрлерін басқару;
- Сызу жүйесіндегі стандарты мен талаптарына сәйкес жобаларды дайындау;
- Дайын болған жобаларды өңдеп, бағдарламаларда толық жүзеге асыру.

**11. Оқыту нәтижелері:**

ОН1	Фармацевтикалық өндірісте қолданылатын өнімдердің конструкциялық ерекшеліктерін біледі
ОН2	Техникалық регламенттерді, стандарттарды және басқа да нормативтік құжаттарды қолдануды біледі
ОН3	Кеңістіктік фигуралардың кескіндерін (сызбаларын) жазықтықта салу әдістерін қолдануды біледі
ОН4	Қолданыстағы өндіріс жағдайында технологиялық тәртіпті сақтау үшін техникалық құжаттаманы әзірлеу әдістеріне иелік етеді.
ОН5	Өз бетінше болашақ мамандығы бойынша бұйым түйіндерінің эртүрлі техникалық бөлшектері мен құрылымдық элементтерінің эскиздерін және сызбаларын жасай алады.

**12. Пререквизиттер:** «Information and communication technologies», «Математика I», «Математика II».

**13. Постреквизиттер:** «Жоба жасаудағы компьютерлі-инженерлі графика», «Фармацевтикалық өндірісті жобалау және жабдықтау негіздері».

**14.Әдебиеттер тізімі:**

- 1.Ж.Жаңабаев Сызба геометриясы пәні бойынша оқулық, 2012ж., 507 бет.
- 2.Мусалимов Т.Қ., Шаштығарин М., Ахметов Е., Көлбатыр С., Алгартова Г.- Сызу және сызба геометриясы. Оқулық Нұр-Сұлтан: Томе, 2019.-360 б.
- 3.Нәби Ы.А. Сызба геометриясы және инженерлік графика пәні бойынша тапсырмалар жинағы [Мәтін]/Я.А. Нәби; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі. – Алматы: Бастау, 2011. – 200 б.
- 4.Мирзакулов М.Е., Тұрдалы Қ.М. Сызба геометриясы бойынша оқу-әдістемелік құралы .- Шымкент 2022ж. – 120 б.

1. Кафедра: Химиялық пәндер
2. Білім беру деңгейі бакалавриат
3. Білім бағдарламалары : 6В07201 - «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы»
4. Курс: 2
5. Элективті пәннің атауы: Органикалық химия

## 6. Кредит саны. 3 кредит

7. Мақсаты: Студенттерге органикалық химия теориялық негіздерін түпкілікті түсіндіре отырып, осы заманғы ғылыми жетістіктер негізінде органикалық қосылыстардың химиялық қасиеттерінің заттар құрылысына тікелей байланыстылықта болу заңдылықтарын дәрітанудың химиялық проблемаларын шешуде қолданылатын жүйелі білімді қалыптастыру.

8. Міндеттері:

- органикалық қосылыстардың теориялық негіздерін, реакцияға түсу қабілеттерін түсіндіру;
- органикалық заттардың химиялық құрамы, құрылысы, қасиеттері мен биологиялық белсенділіктерінің арасындағы өзара байланысы туралы түсініктерді қалыптастыру;
- органикалық қосылыстардың реакцияға түсу қабілетін алдын ала болжауды қалыптастыру;
- әдебиет және электронды көрсеткіштермен жұмыс істеу дағдысына үйрету.

9. Органикалық химия органикалық қосылыстардың маңызды кластарын, олардың номенклатурасын, қасиеттерін зерттейді, олар химиялық ойлауды қалыптастыруға және "құрылым-қасиеттер" проблемасында бағдарлауды дамытуға негіз болады. Оларға көмірсутектер мен синтетикалық және табиғи дәрілік заттарға тән функционалды топтары бар органикалық қосылыстардың кластары жатады.

**10. Пәнді таңдауды негіздеу:** Органикалық химияны оқыту барысында студенттерге органикалық химия теориялық негіздерін түпкілікті түсіндіре отырып, осы заманғы ғылыми жетістіктер негізінде органикалық қосылыстардың химиялық қасиеттерінің заттар құрылысына тікелей байланыстылықта болу заңдылықтарын дәрітанудың химиялық проблемаларын шешуде қолданылатын жүйелі білімді қалыптастырады, осы алған білімдері фармацевтика өндірісінің технологтарының келешектегі қызметіне қажет болады.

## 11. Оқыту нәтижелері (құзыреттіліктер):

Білімдер (когнитивтік сала)	Біліктілер мен дағдылар (психомоторлық сала)	Жеке тұлғалық және кәсіби құзыреттіліктер
Зерттеліп отырған саладағы алдыңғы қатарлы білім элементтерін қоса алғанда, сол сала бойынша білімі мен түсінігін көрсете білу.	Органикалық химияның теориялық негіздері пәнінің мақсаты мен білімін демонстрация жасайды. Жіктеу белгілері бойынша қосылыстарды белгілі кластар мен топтарға жатқызуды және биополимердің тіршіліктегі маңызы туралы біледі. Органикалық қосылыстардың құрылысы, химиялық қасиеті және биологиялық белсенділіктері арасындағы өзара байланысты біледі	Жаратылыстану ғылымдары саласындағы құзыреттілік

	- Химиялық реакциялардың барысын болжау, сондай-ақ зерттелетін органикалық заттардың медицина мен фармация үшін биологиялық рөлі туралы өз тұжырымдарын тұжырымдайды	
	Органикалық қосылыстардың синтезін жүргізу кезінде химиялық есептеулерді орындау туралы білімін демонстрация жасайды.	
	Химиялық қондырғыларды және құрылғыларды және олармен жұмыс істеу принципін біледі.	
	Органикалық химияның теориялық негізінде фармацияда қолданыла тын органикалық қосылыстардың қасиет терін біледі.	

**12.Пререквизиттер.** мектеп бағдарламасы бойынша химия, физика және математика пәндерін меңгеруі тиіс.

**13.Постреквизиттер.** Синтетикалық дәрілік заттардың химиясы және технологиясы, дәрілердің өндірістік технологиясы.

**14.Әдебиеттер:**

**Мемлекеттік тілде:**

**Негізгі:**

- 1.Дәуренбеков Қ.Н. Органикалық химия: оқулық 1,2том, Ш: Әлем. 2016, 1т.- 500б., 2т.- 432б.
- 2.Патсаев Ә.Қ. Органикалық химия: оқулық –Алматы: Эверо, 2015-616 бет.
3. Патсаев Ә. Қ., Алиханова Х.Б., Бухарбаева А.Е. Органикалық химия. Шымкент, 2014, 592 бет.
4. Патсаев Ә. Қ., Жайлау С. Ж. «Органикалық химия негіздері». Шымкент, 2005, I-кітап. -359 б., 2005, II-кітап. -441 б., 2005, III-кітап. -232 б.
- 5.Патсаев Ә.Қ., Алиханова Х.Б., Ахметова А.Ә. Органикалық химия пәнінен зертханалық-тәжірибелік сабақтарына арналған оқу-әдістемелік құралы, Оқу –әдістемелік құралы. Шымкент, 2012ж., -168 б.
- 6.Патсаев Ә.Қ. Органикалық химия пәні бойынша фармацевтикалық факультеттері студенттерінің өзіндік жұмыстарына арналған оқу-әдістемелік қолданба. Фармацевтикалық факультет үшін. Шымкент, 2007., - 264б.

**Қосымша:**

1. Патсаев Ә. Қ. Органикалық химияның лабораториялық сабақтарына қолданба. I-бөлім : оқу құралы. -Шымкент: Б. ж., 2005. -167 бет.
2. Патсаев Ә. Қ. Органикалық химияның лабораториялық сабақтарына қолданба. II-бөлім : оқу құралы. -Шымкент: Б. ж., 2006. -170 бет.

1. **Кафедра: Инженерлік пәндер**
2. **Білім беру деңгейі: бакалавриат**
3. **Білім бағдарламасы атауы 6В07201-«Фармацевтикалық өндіріс технологиясы»**
4. **Курс: 2**
5. **Кредит саны – 4**
6. **Элективті пәннің атауы: «Сызба геометриясы»**

7. **Мақсаты:** Кескіндеу тәсілдері. Монж әдісі. Монж эпюрі. Нүктенің проекциялары. Стандарттар ГОСТ 2.307-38, 2.302-68, 2.304-81, 2.303-68, 2.104-68. Сызба дәлшем қою ережелері ГОСТ 2.307-68. Геометриялық сызу түйіндестіру. Көлбеулік. Жазықтық. Жалпы және дербес жағдайдағы жазықтықтар, жазықтықта жатқан нүкте және түзулер. Проекциялық сызу. Көріністер. ГОСТ 2.305-68. Қосымша көрініс. Жергілікті көрініс. Беттер. Беттердің анықтаушылары. Айналу беттері. Айналу беттеріндегі нүктелермен түзулер. Тіліктер. Жайтіліктер. Қималар. Қиманың түрлері. Күрделі тілік және олардың түрлері. Екі көрініс бойынша үшінші көріністі табу. Көрнекті тіліктерді орындау. Аксонометриялық проекциялар. Стандарт аксонометриялық проекциялар. Шеңбердің аксонометриясы. Үш проекциялау (горизонталь, фронталь, профиль) жазықтықтарына параллель орналасқан. Ойықты айналу және қырлы денелер, олардың проекциясы және тікбұрышты аксонометриялық проекциялары (изометрия, диметрия).

8. **Пән мазмұны:** Қарапайым сызық түрінен бастап, кескіндеу әдістерін, жазықтықта проекциялауды меңгеріп, көріністердің алуан түрлігін біріктіре отырып, тілік пен қималарды орындаудың шеберлігін арттыруға және кеңістікте пайда болған проекциялардың барлық стандартқа сәйкес орындалуын сызба түрінде толық қамтамасыз етілуін қарастырады.

9. **Міндеттері:**

- Кескіндеу тәсілдерін меңгеру; нүкте проекциясын салу;
- Геометриялық сызу түйіндестіру. Көлбеулік. Жазықтық. Жалпы және дербес жағдайдағы жазықтықтар, жазықтықта жатқан нүкте және түзулер. Проекциялық сызу. Көріністер. ГОСТ 2.305-68. стандартқа сәйкес орындап үйрену;
- Қосымша көрініс. Жергілікті көрініс. Тіліктер. Жайтіліктер. Қималар. Қиманың түрлері. Күрделі тілік және олардың түрлері. Екі көрініс бойынша үшінші көріністі табу. Көрнекті тіліктерді орындау. Аксонометриялық проекциялар. Стандарт аксонометриялық проекцияларды толықтай меңгеру және өз бетінше сызба форматтарында салудың әдістерін үйрену.

**10. Пәнді таңдау негіздері:** 6В07201-Фармацевтикалық өндіріс технологиясы мамандығы бойынша "Сызба геометриясы" және "Жоба жасаудағы компьютерлі-инженерлік графика" траекториялары бойынша оқитын бакалаврлар келесі кәсіби қызмет түрлерін орындауы тиіс:

- Өз бетінше жазықтық пен кеңістікте, қима және тілік қосымша сызбалардың күрделі түрлерін форматқа еркін түрде орналастыру әдістерін;
- Сызбаларды орындау барысында мемлекеттік стандартқа сәйкес әр элементтердің өлшемдерін дұрыс таңдау;
- Қарапайым рамка мен штампты қоса алғандағы сызбалардың кез келген түрлерін басқару;
- Сызу жүйесіндегі стандарты мен талаптарына сәйкес жобаларды дайындау;
- Дайын болған жобаларды өңдеп, бағдарламаларда толық жүзеге асыру;

12. **Оқыту нәтижелері:**

ОН1.	Фармацевтикалық кәсіпорындар мен ірі фармацевтикалық өндірістерді ұйымдастыру және компьютерлік жобалаудың негізгі принциптері туралы білімдерін көрсете алады.
ОН3.	Өртүрлі механизмдер мен машиналардың бөлшектері мен тораптарының номенклатурасын біледі. Фармацевтикалық өнеркәсіп саласында қолдана алады.
ОН4.	Өтпелі үдерістерге талдау жүргізеді, кәсіби қызмет саласында ақпаратты, оның ішінде компьютерді іздеуді, жинауды, сақтауды және өңдеуді жүргізеді. Фармацевтикалық өндіріс технологиясын зерттей отырып, А0, А1, А3 форматтарды қолдана отырып,

	технологиялық схемалардың орындалуы туралы білімін көрсете алады.
ОН5.	ГОСТ, ТУ және т.б. сәйкес бөлшектер мен конструкцияларды дайындау технологиясын біледі, фармацевтикалық өнеркәсіп саласында қолданылатын техникалық терминологияны біледі. Өртүрлі механизмдер мен машиналардың бөлшектері мен тораптарының номенклатурасын біледі. Фармацевтикалық өнеркәсіп саласында қолдана алады.
ОН6.	Шағын топтарда жұмыс істеу, қойылған міндеттерді бірлесіп шешу қабілетін бағалай алады.
ОН7.	Тәжірибелік жұмыстарды жоспарлау және жүргізу кезінде өз білімдері мен дағдыларын беруге, байқалатын фактілер мен құбылыстарды, олардың себеп-салдарлық өзара қарым-қатынастарын, құрастыру сызбасын оқи отырып, бөлшектердің жұмыс сызбасын орындау туралы білімді көрсетеді, бөлшектердің проекцияларын анықтай алады.
ОН11.	Өз бетінше үздіксіз кәсіби өздігінен білім алу және өндірістік міндеттерді шешу үшін өртүрлі деңгейдегі өртүрлі мамандармен өзара іс-қимылда тиімді қарым-қатынас жасау дағдысы бар.

**12. Пререквизиттер:** «Information and communication technologies», «Математика I», «Математика II».

**13. Постреквизиттер:** «Жоба жасаудағы компьютерлі-инженерлі графика», «Фармацевтикалық өндірісті жабдықтаумен жобалау».

**14.Әдебиеттер тізімі:**

**Негізгі:**

1.Ж.Жаңабаев Сызба геометриясы пәні бойынша оқулық, 2012ж., 507 бет.

2.В.А. Короткий, Л.И. Хмарова, И.В. Буторина Сызба геометриясы. Дәріс кешені, Челябинск қ., 2014ж.

3.[Мусалимов Т.Қ.](#), [Қолбатыр С.Ә.](#), [Алгартова Г.М.](#) Қазақстан жоғары оқу орындарының қауымдастығы 2013ж., Сызба геометриясы және инженерлік графика пәні бойынша оқулық.

4.Нәби Ы.А. Баспа: Алматы 2018ж., Сызба геометриясы және инженерлік графика пәні бойынша тапсырмалар жинағы

5.Хиббелер, Р. Ч. Сызба геометриясы: т.1:оқулық/Р.Ч. Хиббелер; 4-басылым. Алматы: 2017ж. - 436 б.

6.Мирзакулов М.Е., Тұрдалы Қ.М. Сызба геометриясы бойынша оқу-әдістемелік құралы .- Шымкент 2022ж.

**Қосымша:**

1. Сызба геометриясы пәні бойынша оқу-әдістемелік кешені Ижевск қ., 2012ж.

**Электрондық ресурстар**

<http://lib.ukma.kz/repository/>

<http://rmebrk.kz/>

<http://www.studmedlib.ru/>

<https://elibrary.ru/>

**1. Кафедра:** химиялық пәндер кафедрасы

**2. Білім беру деңгейі:** бакалавриат

**3. Білім бағдарламасы:** 6В07201- «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы»

**4. Курс:** 2

**5. Элективті пән атауы:** «Аналитикалық химия»

**6. Кредит саны:** 4

**7. Мақсаты:** Аналитикалық химияның жалпы теориялық негіздері туралы білімді қалыптастыру және дәрілік заттарды әзірлеу, дәрілік формаларды сараптау, стандарттау және зерттеу кезінде алған білімдерін, дағдыларын қолдануға үйрету.

**8. Міндеттері:**

- студенттерге аналитикалық химияның негізгі түсініктемелері және әдістері туралы білімдерін қалыптастыру; ;
- заттарды сапалық және сандық анықтаудың теориялық негіздерін студенттерге қалыптастыру;
- фармпрепараттарға анализ жасауда химиялық заттардың қасиеттері туралы білімді қолдануды үйрету;
- берілген концентрация бойынша ерітінді дайындау үшін есептеулер жүргізуді үйрету.

**9. Пән мазмұны:** Фармацевтика өндірісінде қолданылатын аналитикалық химияны талдаудың негізгі химиялық әдістері. Гравиметриялық талдаудың мәні. Әдістердің жіктелуі: бөлу, тұндыру және айдау. Фармацевтикалық технологияда қолданылатын дәрілік заттардың құрамын анықтау үшін титриметриялық талдау әдістерін қолдану. Электрохимиялық, оптикалық және хроматографиялық талдау әдістерінің теориялық негіздері және жіктелуі.

**11. Пәнді таңдау негіздері:** Аналитикалық химияны оқу пәні ретінде мақсаты студенттердің химиялық талдау бойынша білімін, дағдысы мен іскерлігін қалыптастыру болып табылады.

Жоғары кәсіптік білім беретін фармацевтикалық факультетінің студенттері үшін аналитикалық химияның негізгі міндеті - биохимия, фармацевтикалық химия, физиология, фармакология, дәрілік заттар технологиясы және басқа да пәндерді толық және терең оқып-үйренудің теориялық негізі болатын, аналитикалық химияның негізгі бөлімдерімен таныстыру.

## 10. Пәнді оқыту нәтижелері (күзиреттіліктер)

Білімдер (когнитивтік сала)	Біліктіліктер мен дағдылар (психомоторлық сала)	Жеке тұлғалық және кәсіби күзиреттіліктер (қатынастар)
<ul style="list-style-type: none"> <li>- қарапайым оқу-зерттеу, химия-аналитикалық тәжірибелерді жасай алу;</li> <li>- химиялық қосылыстардың катиондарына, аниондарына және функционалдық топтарына сапалық талдауды қолдана білу;</li> <li>- химиялық қосылыстарға сандық және титриметриялық талдауды қолдана білу;</li> <li>- химиялық қосылыстардың сапалық және сандық талдауына физика-химиялық әдістерді қолдана білу;</li> <li>- титранттарды, стандартталған титрант және стандарт заттардың ерітінділерін дайындай білу;</li> <li>- катиондар мен аниондардың сапалық</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- функционалдық топтар және катион, аниондардың сапалық реакцияларының барлық түрлерінің өнімдерін алдын-ала болжау бойынша өз қорытындысын құрастырады;</li> <li>- электролит және бейэлектролит ерітінділерін, гидролизденуші тұздарды, буферлі ерітінділерді дайындауды және рН-ты дұрыс есептеуді дәйектейді;</li> <li>- қышқылдық- негіздік, тотығу- тотықсыздану, комплексометриялық және тұндыру титрлеу әдістерінің қасиеттерін түсінеді және түсіндіреді;</li> <li>- ғылыми көзқарас тұрғысынан құбылыстар мен бақыланатын фактілерді түсіндіреді, оқу</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- медициналық және фармацевтикалық ғылым үшін сапалық және сандық талдау бойынша жасалған зерттеу нәтижелерін интерпретациялайды және ақпарат материалдарын қолданады;</li> <li>- аналитикалық химия пәнінің тәжірибелік зерттеулері бойынша қорытынды жасайды және заманауи ақпарат ағымы бойынша бағыт алады;</li> <li>- оқу анықтамаларынан, ғылыми әдебиеттерден, интернет ресурстарынан алынған ақпараттарды өзінің ой-пікірін ұсына отырып жеткізеді;</li> <li>- аналитикалық химия бойынша талдау мен</li> </ul>



реакциясын жасауда, берілген концентрациялы ерітінділер дайындауда түрлі ғылыми зерттеу әдістерінің дағдысын меңгере білу.	тәжірибелерінің нәтижелерін негіздей біледі.	синтездеуді өзінің жеке ой-пікірін ұсына отырып көпшілік алдында баяндау дағдысын меңгерген.
--	--	--

**Пререквизиттер:** мектеп бағдарламасы бойынша химия, физика және математика, бейорганикалық және физикалық химия.

**Постреквизиттер:** фармацевтикалық химия, фармакогнозия, фармакология

**Әдебиеттер тізімі:**

**Негізгі:**

1. Дауренбеков Қ.Н., Дильдабекова Л.А., Рысымбетова Ж.К. Аналитикалық химия. Оқулық- Алматы: 2022.
2. Харитонов, Ю. Я. Аналитическая химия. Качественный анализ. Титриметрия [Электронный ресурс]: учебник / Ю. Я. Харитонов. - Электрон.текстовые дан. ( 39,9Мб). - М. :ГЭОТАР - Медиа, 2017.
3. Харитонов, Ю. Я. Аналитическая химия. Аналитика - 1. Общие теоретические основы. Качественный анализ [Электронный ресурс]: учебник / Ю. Я. Харитонов. - Электрон.текстовые дан. ( 44,3Мб). - М.:ГЭОТАР - Медиа, 2017
4. Харитонов, Ю. Я. Аналитическая химия. Аналитика - 2. Количественный анализ. Физико-химические (инструментальные) методы анализа [Электронный ресурс] : учебник / Ю. Я. Харитонов. - Электрон.текстовые дан. ( 43,1Мб). - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2017.
5. Патсаев Ә.Қ., Шыназбекова Ш.С. Аналитикалық химия. Оқулық- Алматы: ЖШС "Эверо", 2012.
6. Чекотаева К.А. Аналитикалық химия: оқу құралы.- Қарағанды: Акнұр, 2014.
7. Патсаев Ә. Қ. Аналитикалық химия пәнінің лабораториялық сабақтарына арналған оқу - әдістемелік құралы: оқу-әдістемелік құрал/.-Алматы:Эверо, 2015.

**Қосымша:**

1. Шекеева К.Қ. Аналитикалық химия –оқу құралы. –Алматы: Эверо, 2014.
2. Патсаев А.К. Руководство к лабораторным занятиям по аналитической химии /Патсаев А.К.,2020-153 с.
3. Патсаев А.К. Аналитикалық химия пәнінің лабораториялық сабақтарына арналған оқу-әдістемелік құралы/ Патсаев А.К, Бухарбаева А.Е., Шыназбекова Ш.С., 2020-213 с.
4. Сейтеметбетова А.Ж. Аналитикалық химия/ Сейтеметбетова А.Ж., Иненбаева Б.Б., Мадиева Ш.А., 2020.-125с.
5. Патсаев А.К. Аналитикалық химия/ Патсаев А.К., Жайлау С.Ж., Махатов Б.Қ., Шыназбекова Ш.С. 2020.-401 с.
6. Шекеева К.Қ. Аналитикалық химия/Шекеева К.К. 2020.-259с.
7. Махмұтова А.С. Аналитикалық химияға арналған практикум/ Махмұтова А.С., 2020-125с.

**1. Кафедра Инженерлік пәндер**

**2. Білім беру деңгейі: бакалавриат**

**3. Білім бағдарламасы атауы: 6В07201 «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы»**

**4. Курс: 3**

**5. Элективті пәннің атауы: «Жоба жасаудағы компьютерлі-инженерлі графика»**

**6. Кредит саны – 5**

**7. Мақсаты:** AutoCAD графикалық жүйесін пайдалана отырып, сызбалық-конструкторлық құжаттарды автоматтандырылған дайындау бойынша теориялық негіздерді оқу және білім, білік және дағды алу.

**8. Пән мазмұны:** Компьютерлік графика пәні және оны қолдану аймағы. САПР

жайында ұғым (автоматтандырылған жобалау жүйесі). AutoCAD жүйесінің бастапқы диалогтық терезесі. Үшөлшемді моделді құру әдістері. 3D-көріністендіру. Үшөлшемді объектілерді редакциялау бұйрықтары. Үшөлшемді моделдің бөлшегін кесіп алу. Геометриялық сызба. Түйіндесу. Көлбеу.

## 9. Міндеттері:

- Компьютерлік графиканың теориялық негіздері мен принциптерін автоматтандырылған жобалау және дербес компьютерде сызбалық-конструкторлық құжаттар дайындауға қатысты зерттеу;
- AutoCAD ортасында конструкторлық құжаттардың графикалық бөлігін автоматтандырылған дайындау негіздерін оқу;
- Автоматтандырылған орындау бойынша білім мен білік алу және сызбаларда бұйымдардың суреттерін өңдеу және ресімдеу;
- Нақты бұйымдардың сызбаларын автоматтандырылған дайындау және олардың 3 өлшемді модельдерін жасау, сондай-ақ сызба файлдарын қалыптастыру және оларды принтерге немесе плоттерге шығару бойынша дағдыларды меңгеру.

## 10. Пәнді таңдау негіздері: 6B07201-Фармацевтикалық өндіріс технологиясы мамандығы бойынша "Фармацевтикалық өндірістің технологиялық жабдықтарына қызмет көрсету" және "Фармацевтикалық өндірісті жобалау" траекториялары бойынша оқитын бакалаврлар келесі кәсіби қызмет түрлерін орындауы тиіс:

- технологиялық жабдықтың сызбаларын оқу;
- проекциялау тәсілдерін пайдалану;
- компьютерлік бағдарламаны пайдалана отырып, бөлшектерді бір-бірімен қосу әдістерін таңдау негіздері;
  - компьютерлік бағдарламаны пайдалана отырып, машина бөлшектерінің қозғалысын бір-біріне беру жүйесін зерттей отырып, машиналардың «Құрастыру» сызбасын оқу.
- компьютерлік бағдарламаны пайдалана отырып, өндірістің технологиялық сұлбаларын орындау.

## 11. Оқыту нәтижелері:

ОН1.	Фармацевтикалық кәсіпорындар мен ірі фармацевтикалық өндірістерді ұйымдастыру және компьютерлік жобалаудың негізгі принциптері туралы білімдерін көрсетеді.
ОН2.	AutoCAD ортасында қарапайым операцияларды, заманауи АЖЖ-і бағдарламалық жасақтамасын орындай алады.
ОН3.	Әртүрлі механизмдер мен машиналардың бөлшектері мен тораптарының номенклатурасын біледі. Фармацевтикалық өнеркәсіп саласында қолдана алады.
ОН4.	Өтпелі үдерістерге талдау жүргізеді, кәсіби қызмет саласында ақпаратты, оның ішінде компьютерді іздеуді, жинауды, сақтауды және өңдеуді жүргізеді. Фармацевтикалық өндіріс технологиясын зерттей отырып, компьютерлік бағдарламаны қолдана отырып, технологиялық схемалардың орындалуы туралы білімін көрсетеді.
ОН5.	ГОСТ, ТУ және т.б. сәйкес бөлшектер мен конструкцияларды дайындау технологиясын біледі, фармацевтикалық өнеркәсіп саласында қолданылатын техникалық терминологияны біледі. Әртүрлі механизмдер мен машиналардың бөлшектері мен тораптарының номенклатурасын біледі. Фармацевтикалық өнеркәсіп саласында қолдана алады.
ОН6.	Шағын топтарда жұмыс істеу, қойылған міндеттерді бірлесіп шешу қабілетін бағалай алады.
ОН7.	Студенттерге/оқытушыларға зертханалық жұмыстарды жоспарлау және жүргізу кезінде өз білімдері мен дағдыларын беруге, байқалатын фактілер мен құбылыстарды, олардың себеп - салдарлық өзара қарым-қатынастарын, жобалаудағы компьютерлік және инженерлік графика саласында ғылыми

зерттеулер жүргізу әдістерін түсіндіруге қабілетті, Құрастыру сызбасын оқи отырып, бөлшектердің жұмыс сызбасын орындау туралы білімді көрсетеді, компьютерлік бағдарламаны пайдалана отырып, оның құрамына кіретін бөлшектердің проекцияларын анықтай алады.
--

**12. Перереквизиттер:** «Information and communication technologies», «Сызба геометриясы», «Химия – фармацевттік өндірістің негізгі процестері мен аппараттары».

**13. Постреквизиттер:** «Фармацевтикалық өндірісті жобалау және жабдықтау негіздері».

**14.Әдебиеттер тізімі:**

**негізгі:**

1.Таненбаум, Э. С. Компьютерлік желілер. 2-бөлім [Мәтін] : оқулық / Э. С. Таненбаум, Д. Дж. Уэзеролл; қаз. тіліне ауд. А. М. Махметова; ҚР БҒМ. Алматы: 2014ж. - 532 бет.

2.Таненбаум, Э. С. Компьютерлік желілер. 1-бөлім : оқулық / Э. С. Таненбаум, Д. Дж. Уэзеролл; қаз. тіліне ауд. А. М. Махметова, С. Б. Беркімбаева ; ҚР БҒМ. Алматы: 2013ж. - 552 бет.

**қосымша:**

1.[Мусалимов Т.Қ.](#), [Қолбатыр С.Ә.](#), [Алгартова Г.М.](#) Қазақстан жоғары оқу орындарының қауымдастығы 2013ж., Сызба геометриясы және инженерлік графика пәні бойынша оқулық

2.Нәби Ы.А. Издательство: Алматы 2018ж., Сызба геометриясы және инженерлік графика

**1. Кафедра: Инженерлік пәндер**

**2. Білім беру деңгейі: бакалавриат**

**3. Білім бағдарламасы атауы: 6B07201 «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы»**

**4. Курс: 3**

**5. Элективті пәннің атауы: «Фармацевтикалық биотехнология микробиология негіздерімен»**

**6. Кредит саны – 4**

**7. Мақсаты:** студенттерді «Фармацевтикалық биотехнология микробиология негіздерімен» пәні фармацевтік өндіріс саласындағы мамандарды даярлауға бағытталған. Бағдарлама студенттерді аналитикалық ойлауға және фармацевтикалық технологиялар саласында кәсіби міндеттерді орындау үшін қажетті практикалық дағдыларды қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

**8. Пән мазмұны:** Медициналық биотехнология объектілері. Биотехнологиялық процестің жалпы сипаттамасы. Жасушалар өсіру туралы түсінік. Биотехнологиялық өндірісте жасушаларды өсіруді пайдалану. ДЗ биотехнологиялық өндірістің GMP жүйесімен өндіру және сапасын бақылау. Рекомбинантты ДНҚ технологиясы немесе медициналық биотехнологиядағы гендік инженерия. Стероидты гормондар, антибиотиктер, ферменттер, витаминдер, аминқышқылдарының биотехнологиясы. Ұлпаны өсіру. Өсімдік жасушалары мен ұлпалары өсіру негізінде дәрілік заттарды жасау бойынша жұмыс кезеңдері.

**9. Міндеттері:**

- жасушалық инженерия. Биообъектілерді құруда клеткалық инженерия әдістерін қолдану.
- өсімдіктер мен жануарлардың жасушалары мен тіндерін өсіру.
- тіндердің өсімдік дақылдарының негізінде дәрілік заттарды алу.
- бастапқы метаболиттер биотехнологиясы. Амин қышқылдарын, витаминдерді биотехнологиялық әдістермен алу.
- рекомбинантты белоктар және полипептидтер. Инсулин. Өсу гормоны. Эритропоэтин. Өсудің пептидті факторларын анықтау.
- медициналық иммунобиологиялық препараттардың сапасын бақылау.

**10. Пәнді таңдау негіздері:** 6B07201-Фармацевтикалық өндіріс технологиясы БББ бойынша "Фармацевтикалық өндірістің технологиялық жабдықтауына қызмет көрсету" және "Фармацевтикалық өндірісті жобалау" траекториялары бойынша оқитын бакалаврлар келесі кәсіби қызмет түрлерін орындауы тиіс:

- НТҚ және GMP стандарттарының талаптарына сәйкес ДЗ дайындау;
- ЛФ үшін бастапқы қаптаманы жасау үшін орау материалдарын дұрыс таңдау;
- ДЗ және КЗ физикалық-химиялық және технологиялық қасиеттерін ескере отырып, нақты ДЗ үшін орау түрлерін, тығындау құралдарын және мөлшерлеу құрылғыларын дұрыс таңдау;
- ДЗ және КЗ физикалық-химиялық және технологиялық қасиеттерін есепке ала отырып, нақты ЖЗ бөлшектеу мен орауға арналған машиналар мен автоматтарды дұрыс таңдау;
- ДДЗ үшін буып-түю мен ыдыстың сапасын бағалау;
- буып-түйілген фармацевтикалық және медициналық өнімдерді дұрыс ресімдеу, таңбалау және заттаңбалау;
- буып-түю материалдарының шығыс нормаларын және экономикалық тиімділікті есептеу;
- ДТ, ММБ/СМБ буып-түю және буып-түю үшін технологиялық жабдықтың жай-күйіне талдау;

#### 11. Оқыту нәтижелері (құзыреттіліктер):

1ОН	Медициналық-биологиялық ғылым жетістіктерінің теориялық және практикалық негіздерін, биохимия мен молекулалық биологияны тереңдетіп оқыту және медициналық биотехнология саласындағы жаңа технологияларды, заманауи диагностикалық құралдарды, биоүйлесімді материалдар мен жасушалық технологияларды білу.
2ОН	Жалпы және медициналық биотехнологияны дамытудың негізгі және басым бағыттарын, дәрілік, диагностикалық, профилактикалық құралдар мен ілеспе өнімдердің негізгі көздерін, сондай-ақ дәрілік препараттардың продуценттері мен биотехнологиялық процестерді жетілдірудің инновациялық биотехнологиялық әдістері мен тәсілдерін білу.
3ОН	Трансляциялық және практикалық медицина саласында қолданылатын негізгі биотехнологиялық әдістер туралы теориялық білімді практикада қолдана білу.
4ОН	Биотехнологиялық өндірістердің жалпы схемасының жұмыс істеуін, жоғары тиімді продуценттер алуды білу.
5ОН	Биотехнологиялық өндірістердің өнеркәсіптік тәжірибесінде қолданылатын негізгі жабдықтарды білу.
6ОН	Әр түрлі аминқышқылдарын алудың микробтық технологиясын меңгеру, амин қышқылдарының сапасын бақылау, амин қышқылдарының химиялық және химиялық-энзиматикалық синтезі, иммобилизацияланған ферменттер мен продуцент жасушалары үшін биореакторлардың өндірістік типтері.

**12. Пререквизиттер:** «Химия-фармацевтикалық өндірістің процесстері мен аппараттары», «Латын тілі», «Экстракциялық препараттардың технологиясы», өндірістік практика.

**13. Постреквизиттер және/немесе шектес пәндер:** «Тиісті өндірістік практика және қалдықсыз өндірістің қағидалары», Дәрілік түрлерді бөлшектеу мен орамдауға арналған машиналар мен автоматтар, диплом алды практика, дипломдық жобаны орындау.

#### 14.Әдебиеттер тізімі:

- 1.Жатқанбаев Ж. Ж. Биотехнология [Мәтін]: оқулық / Ж. Ж. Жатқанбаев. - Алматы: Эверо, 2011. - 388 бет. с.
- 2.Байзолданов Т. Косметикалық препараттар және оларды дайындауда қолданылатын белсенді және көмекші заттар [Мәтін]: оқу құралы / Т. Байзолданов; ҚР денсаулық сақтау министрлігінің С. Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ. - Алматы: Эверо, 2012. - 212 бет. с.
- 3.Байзолданов Т. Косметикалық препараттар және оларды дайындауда қолданылатын белсенді және көмекші заттар [Мәтін]: оқу құралы / Т. Байзолданов. - Алматы: Эверо, 2016. - 212 б. с.
- 4.Гаврилов, А. С. Фармацевтическая технология. Изготовление лекарственных препаратов: учебник / - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2016.-760с.

5. Сағындықова Б. А. Дәрілік түрлердің тәжірибелік технологиясы: оқулық / - Алматы: Эверо, 2016. - 464 бет
6. Краснюк И.И., Демина Н.Б., Бахрушина Е.О., М.Н.Анурова Фармацевтическая технология. Промышленное производство лекарственных средств. Том 1: учебник / под ред. И.И.Краснюка, Н.Б.Деминой. – Москва: ГЭОТАР – Медиа, 2020. – 352 с.
7. Фармацевтическая технология: краткий курс лекций для студентов IV курса специальности 36.05.01 - «Ветеринария»/Сост. Т.Н. Родионова // ФГБОУ ВО «Саратовский ГАУ». – Саратов, 2016. - 68 с.

**1. Кафедра: Инженерлік пәндер**

**2. Білім беру деңгейі: бакалавриат**

**3. Білім бағдарламасы атауы: 6B07201 «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы»**

**4. Курс: 3**

